

КМҚК «Алпамыс» бөбекжай бақшасы

"Білім күні"

Тобы: «Зерттеуші бүлдіршін» ересек тобы

Тәрбиеші: Смағұлова Н.Н

Қызылорда қаласы, 2024 жыл

Тақырыбы: Білім күні

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: Сөйлеуді дамыту

Тобы: «Зерттеуші бүлдіршін» ересек

Өткізілу күні: 02.09.2024 ж

Тәрбиеші: Смағұлова Назымгүл Нағашыбайқызы

Міндеттері: Оқу құралдарына ұқыптылықпен қарайды.

1 қыркүйек - Білім күні жайында түсініктері кеңейеді. Білімге деген қызығушылығы артып, байланыстырып сөйлеу дағдылары қалыптасады. Анық сөйлеп, сыни ойлауы дамиды

ҰІӨ басы



Әңгімелеу

Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі біздің ашық оқу қызметіміз білім күніне, яғни бірінші қыркүйек күніне арналған. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. Бұл күн ата-аналар үшін де, балалар үшін де, тәрбиеші мен ұстаздар үшін де қуанышты күндердің бірі. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады.

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат, азаматша болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер. Халық айтқандай: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Білім инемен құдық қазғандай» деген көптеген мақал мәтелдер бар. Балалар балалық шақтан бастап еңбек етуге бейімделу керек.

-Ал сендер білім, балабақша туралы қандай өлең, тақпақ білесіңдер?

Қасымхан:
Балабақша есігін,
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай мәпелеп,
Өсіреді біздерді

Естимісің үнімді
Сауат ашып, тіл дамытып,
Үйренейік білімді

Ерке:
Кел-кел досым бақшаға,

-Балалар оқу, жазу үшін бізге қандай құралдар қажет?



1-топ: «Орнын тап» ойын

Шарты: Оқу құралдарының көлеңкесін тауып орналастырады. Сурет бойынша әңгімелейді.



2-топ: «Оқу құралдары» ойын

Шарты: Қиынды оқу құралдарды бейнеленген суреттерді құрастырады.



3-топ: «Портфель жина» ойын

Шарты: Үстел үстіндегі заттар ішінен оқу-құралдарын іріктеп, портфельге жинайды. Балалардың логикалық ойлау қабілеттері дамиды.



Кері байланыс

«Ақылды орындық» қорытынды ойыны

Шарты: Орындыққа отырған бала оқу іс-әрекетінен алған білімдерін айтып, қойған сұрақтарына ақылды атағын алу үшін жылдам жауап береді.

Күтілетін нәтиже: Байланыстырып сөйлеп, сұрақтарға жауап бере алады. Білімге талпынған бүлдіршіндерім қанаттарың қатая берсін! Білім күні құтты болсын!



Балаларды мадақтау, мақтау. Бір- бірін бағалау